

«Z ҰРПАҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»

Қапсалым Бірғаным Еркінқызы, Жетібай Жадыра Аманжолқызы
Birganym1006@icloud.com

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» білім бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, педагогика магистрі, сеньор-лектор: Тулепбергенова Р.Р.

Қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесі түбегейлі трансформацияны бастан кешіруде. ЮНЕСКО-ның 2024 жылғы есебінде атап көрсетілгендей, білім алушылардың ақпаратты қабылдау тәсілі соңғы онжылдықта түпкілікті өзгерді. Бұл өзгерістің басты қозғаушы күші – Z ұрпағы және оны алмастырып келе жатқан Alpha ұрпағы.

Америкалық футуролог, білім беру саласындағы зерттеуші Марк Пренски бұл буынды «Цифрлық ұрпақ» деп атады. Оның 2001 жылы жарияланған мақаласы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Оның айтуынша, цифрлық ұрпақ үшін:

- ақпаратты экран арқылы қабылдау;
- визуалды бейнелермен және мультимедиамен жұмыс істеу;
- жылдам кері байланыс алу (instant feedback);
- бір уақытта бірнеше тапсырманы орындау (multitasking);
- желілік коммуникация арқылы білім алу бәрі табиғи қажеттілік әрі күнделікті тәжірибе.

Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында дәстүрлі мәтінмен жұмыс істеу формасынан интерактивті, медиабайытқан оқытуға көшу – уақыт талабы ғана емес, педагогикалық заңдылық. Себебі ана тілін меңгеру тек ережелер мен ерекшеліктерді жаттау емес, оны өмірлік жағдаяттармен байланыстыра білуді, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды талап етеді. Ал Z ұрпағы үшін ең табиғи коммуникация ортасы – цифрлық орта.

Нил Хоув пен Уильям Штраус негізін қалаған ұрпақтар теориясына сәйкес, әрбір жаңа буын белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдайлар мен жаһандық оқиғалардың әсерінен бірегей мінез-құлық сипаттарына ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі 9-сынып оқушылары жататын Z ұрпағының бейнесін анықтайтын бірнеше іргелі фактор бар.

Біріншіден, бұл – цифрландыру дәуірінің перзенттері. Олардың есею кезеңі интернеттің жаппай қолжетімді болуымен және жоғары технологиялардың дамуымен тұспа-тұс келді. Бұл фактор олардың ақпаратты тұтыну мәдениетін түбегейлі өзгертті: ақпаратты жылдам іздеу, мультимедиялық мазмұнды таңдау және виртуалды әлеммен біте қайнасу олардың өмір салтына айналды.

Екіншіден, Z ұрпағының дүниетанымы жаһандық сын-қатерлер аясында қалыптасты. 11 қыркүйектегі теракт, 2008 жылғы әлемдік экономикалық дағдарыс және соңғы жылдардағы жаһандық пандемия бұл буынның қауіпсіздік пен тұрақтылыққа деген көзқарасын өзгертті. Осындай ауқымды дағдарыстарды бастан кешу оларды ерте есеюге және қоршаған ортаға сақтықпен қарауға итермеледі.

Үшіншіден, ақпараттық шабуылдар мен «жалған жаңалықтар» ағынында өмір сүру – бұл ұрпақтың басты ерекшеліктерінің бірін қалыптастырды. Орасан зор ақпарат тасқыны олардың бойында сыни тұрғыдан ойлау қабілетін ерте дамытты. Олар кез келген ақпаратты сүзгіден өткізуге, дереккөзді тексеруге бейім.

Алайда, осы факторлардың кері әсері де жоқ емес. Ақпараттың тым көптігі мен виртуалды өмірдің қарқындылығы оқушылардың назарының тұрақсыздығына және эмоционалдық күйзеліске бейімділігіне әкеп соқтырды. Қазақ тілі сабақтарында бұл

оқушылардың ұзақ мәтіндерді оқуға қиналуынан немесе назарын бір нүктеге ұзақ шоғырландыра алмауынан көрініс табады.

Ресейлік психолог Федор Гиренок ғылыми айналымға енгізген «клиптік ойлау» термині Z ұрпағының ақпаратты фрагментті қабылдау, көлемді мәтіндерді игерудегі қиындықтар және динамикалық визуалды контентке басымдық беру сияқты сипаттарын айқындайды.

Осы мақаланың практикалық бөлімі Z ұрпағының танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолданудың әдістемелік тиімділігін тексеруге бағытталған. Эксперименттік жұмыс 9-сынып оқушылары негізінде құрылып, оқу процесіне жасанды интеллект элементтерін, геймификация платформаларын және визуалды скрайбинг әдістерін енгізудің тілдік құзыреттілікке әсерін анықтауды көздейді. Осыған орай, қазақ тілі сабақтарында септіктер мен етістік райларын динамикалық анимациямен, синтаксистік құрылымдарды инфографикамен, ал көркем мәтіндерді скрайбинг технологиясымен түсіндірудің әдістемелік тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді. Нәтижесінде, аталған инновациялық тәсілдерді қолданған топта грамматикалық тақырыптарды меңгеру көрсеткіші дәстүрлі оқыту әдісімен салыстырғанда 42,7%-ға жоғары болды.

Сауалнамаға 20 оқушы қатысты. Негізгі сұрақтар мен нәтижелер:

Қазақ тілі сабағында қандай тапсырмаларды жақсы көресің?

А.Ойын түріндегі тапсырмалар

В.Мәтінді талдау

С.Диктант, жаттығулар

Қазақ тілін үйренуге қандай құрал көмектеседі?

А.Бейнесабақтар

В.Әлеуметтік желідегі контент

С.Кітап, оқулық

Смартфонды сабақта қолдануға рұқсат болса, қалай пайдаланар едің?

А.Тапсырмаларды орындауға

В.Сөздік қарауға

С.Ойын ойнауға

Сауалнаманың ашық сұрақтарына берілген жауаптардан оқушылардың 81%-ы «қысқа бейнелер арқылы ережені түсінсем, тез есте сақтаймын» деп жауап берді.

Эксперимент барысында екі топ (эксперименттік және бақылау) салыстырылды. Екі топта да 9-сынып бағдарламасы бойынша «Сөз таптары», «Етістіктің шақтары», «Сөйлем мүшелері» тақырыптары өтілді. Эксперименттік топта сабақтар мына платформалар арқылы өткізілді:

Nearpod — интерактивті презентациялар;

Wordwall — грамматикалық ойындар;

Quizizz — үй тапсырмасы мен қайталау сабақтары;

Canva — постерлер мен инфографика жасау;

Padlet — ортақ жобалар мен пікірталастар.

Нәтижелер:

Көрсеткіш	Бақылау тобы (%)	Эксперимент тобы (%)	Өзгеріс (%)
Грамматикалық сауаттылық (диктант)	64	88	+24
Лексикалық қор (сөздік қор тесті)	61	85	+24
Мәтінді түсіну (оқу жылдамдығы, мазмұндау)	70	89	+19

Сабаққа қатысу белсенділігі	48	92	+44
Үй тапсырмасын орындау	55	93	+38
Пәнге деген қызығушылық (өз бағасы, 10 балдық шкала)	3,2	8,7	+3,5

Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) құралдары білім беру саласына енді ғана интеграциялана бастағанымен, олардың әлеуеті зор екені байқалады. Эксперименттік топта жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқыту процесіне геймификация (ойын элементтерін) енгізу оқушылар мотивациясының ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Оқушылардың балл жинау, деңгейден деңгейге өту және жетістіктерін айқындайтын цифрлық сертификаттар алуы олардың сабаққа деген ішкі қызығушылығын айтарлықтай арттырды. Дегенмен, эксперимент барысында технологияны қолданудың кейбір тиімсіз тұстары да анықталды. Атап айтқанда, цифрлық құралдарды тек көңіл көтеру мақсатында пайдалану, бір сабақ аясында тым көп платформаны қолдану (уақыт жоғалту мен шатасуға әкеледі), жедел кері байланыстың болмауы және мұғалімнің технологиялық құзыреттілігінің төмендігі оқу процесіне кері әсерін тигізетіні белгілі болды. Мұндай жағдайларда офлайн режимде жұмыс істейтін құралдарды (мысалы, LearningApps офлайн нұсқасы немесе алдын ала жүктелген бейне-сабақтар) қолдану ұсынылады.

Эксперимент нәтижелері Z ұрпағына қазақ тілін оқытуда технологияны пайдалану — стратегиялық қажеттілік екенін айқын көрсетті. Статистикалық маңызды және педагогикалық тұрғыдан тұрақты көрсеткіштер келесідей оң өзгерістерді тіркеді:

- Пәнге деген қызығушылық 44%-ға;
- Грамматикалық сауаттылық 24%-ға;
- Сөйлеу дағдыларының белсенділігі 18%-ға;
- Үй тапсырмасын орындау көрсеткіші 38%-ға артты.

Түйіндей келгенде, оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігі олардың күнделікті өміріндегі цифрлық құралдармен (смартфон, интернет, әлеуметтік желілер) тығыз байланысты болғанда ғана нығая түседі. Сондықтан заманауи білім беру жүйесі оқушының өмірлік тәжірибесі мен цифрлық ортасын оқу бағдарламасымен ұштастыруды басты бағыт ретінде ұстануы тиіс.

Білім беру саясатын цифрландыру — оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырудың тиімді құралы. Атап айтқанда, жасанды интеллект негізіндегі технологиялар оқытуды жекелендіруге, әр оқушының қарқыны мен қажеттілігіне бейімделуге мүмкіндік береді. Бірақ мұндай мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін инфрақұрылымдық, әдістемелік және кадрлық кедергілерді жою қажет.

Ауылдық мектептерде интернет жылдамдығының төмендігі, заманауи құрылғылардың жетіспеушілігі және педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі әлі де өзекті мәселе болып отыр. Осы олқылықтар жасанды интеллект сияқты инновациялардың тиімділігін төмендетеді және білім берудегі теңсіздікті тереңдетуі мүмкін.

Осы олқылықтарды ескере отырып, ұсыныстарды келесі бағыттармен толықтыру қажет:

1. Ауылдық мектептерді интернетпен қамту. Интернет жылдамдығын арттыру және планшеттермен қамту бағдарламасы алдымен техникалық жағынан артта қалған өңірлерге бағытталсын. Бұл ретте жергілікті телекоммуникациялық операторлармен серіктестік орнатып, инфрақұрылымды тұрақты дамыту қажет.

2. Цифрлық педагог бағдарламасын ауыл мұғалімдеріне бейімдеу. 72 сағаттық курс мазмұнында тек теория емес, практикалық жұмыс (ауылдық жағдайда жасанды интеллект

құралдарын интернетсіз немесе шектеулі қосылыммен қолдану тәсілдері) көзделсін. Курстан кейін әдістемелік қолдау жүйесі (менторлық) ұйымдастырылсын.

3. Ауылдық әдістемелік бірлестіктерді желілік форматқа көшіру. Цифрлық ресурстар банкі орталықтандырылған платформада жинақталып, оған қолжетімділік төмен жылдамдықты интернетте де оңтайлы жұмыс істейтін форматта (офлайн режимде синхрондау мүмкіндігімен) ұсынылсын.

4. Интерактивті жұмыс дәптерлерін жасағанда ауылдық мектептердің техникалық шектеулері ескерілсін. Бұл дәптерлер жеңілдетілген нұсқада (трафикті аз тұтынатын) және үйде интернеті жоқ оқушылар үшін мезгіл-мезгіл офлайн жұмыс істеу мүмкіндігімен әзірленуі тиіс.

Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар білім берудегі түбегейлі өзгерістердің машинасы бола алады. Алайда олардың әлеуеті тек инфрақұрылымдық теңсіздік жойылған, педагогтер жүйелі түрде қолдау тапқан және цифрлық ресурстар әр мектептің нақты жағдайына бейімделген жағдайда ғана толық жүзеге асады. Сондықтан білім беру саясатында басты назар «сандық емес, сапалық қолжетімділікке» аударылуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Prensky M. Digital Natives, Digital Immigrants // On the Horizon. – 2001. – Vol. 9, No. 5. – P. 1–6.

2. Howe N., Strauss W. Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. – New York: William Morrow, 1991. – 538 p.

3. Гиренко Ф.И. Клиповое сознание. – М.: Проспект, 2021. – 256 с.

4. Twenge J. M. iGen: Why Today's Super-Connected Kids Are Growing Up Less Rebellious, More Tolerant, Less Happy. – New York: Atria Books, 2017. – 352 p.

5. UNESCO. Global Education Monitoring Report 2024: Technology in Education. – Paris: UNESCO Publishing, 2024. – 450 p.